



ЖАУЫНГЕРЛІК ДӘСТҮР – ЖАРҚЫН ҮЛГІ

Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВТЫҢ
7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне
арналған құттықтауы

**Құрметті Отан қорғаушылар!
Қадірлі жетісулықтар!**

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай шынайы
құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Бұл күн – еліміздің айбынды мерекелерінің бірі.
Бүгінде әскери саланың мамандары мен сарбаздар
Қазақстан Қарулы Күштерінің құрамында Отанға
адал қызмет етіп, туған ел мен жерді қорғауға бар
күш-жігерін жұмсап келеді.

Азаматтық борышы мен кәсіби міндетін атқаруда олар өскелең ұрпаққа патриотизмнің жарқын үлгісін көрсетіп, ел тыныштығын қырағылықпен күзетуде. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан бұл жауынгерлік дәстүрдің бүгінгі жаңа заманда да маңызы зор.

Қашанда бейбітшілік – береке мен тұрақты дамудың кепілі. Осы орайда тәуелсіз еліміздің орнықты өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосып жүрген қорғаныс саласының қызметшілері мен ардагерлеріне, барша жетісулықтарға мықты денсаулық, еңбекте табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін.

Еліміз бейбітшілікте гүлденіп, көркейе берсін.



ӨРКЕНДЕУ



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ, СӘУЛЕТІ КЕЛІСТІ

Мемлекет басшысы биліктің әр тармағына халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мен өмір сүруге қолайлы орта қалыптастыруды міндеттеген-ді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындауда Жетісу өңірінде ауыз толтырып айтар тірлік бар. Мәселен, Талдықорған қаласын тұрғындарға қолайлы ету, өмір сапасын жақсарту бағытында іргелі жұмыстар жүргізілуде. Жақында облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ салынып жатқан бірқатар әлеуметтік нысандарды аралап, өз бағасын берді. Кей мердігерге сын-ескертіп де жасады.

(Соңы 2-бетте)

АЙБЫН

40 КҮНДІК САРБАЗ

Алдыңғы буын Отан алдындағы борышын 2-3 жыл өтесе, кейінгі мерзім 1 жылға қысқарды. Ал қазір әскери-техникалық мектепте бар-жоғы қырық күннің ішінде ақылы түрде әскери борышыңды өтеуге болады. 40 күнде сарбаз не үйренеді, қандай маман атанатынын білу мақсатында «ҚР ҚМ әскери-техникалық мектебі» РМҚК Талдықорған филиалының бақылау-өткізу пунктіне барып, әскери өмірге машықтанып жатқан сарбаздардың біркүндік тіршілігімен танысып қайттық.

(Соңы 3-бетте)



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕК

ӘЛЕУМЕТ

«TURGYNDAR AMANATY» ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Талдықорғандағы Салтанат сарайында «AMANAT» партиясының «TURGYNDAR AMANATY» жобасы аясында тұрғын үй қорын басқару саласындағы реформаларға арналған «Үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже» атты форум өтті. Іс-шараға облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ, «AMANAT» партиясының өкілдері, депутаттар, тұрғын үй қатынастары саласының мамандары, мүлік иелері бірлестіктері мен пәтер иелері кооперативтерінің төрағалары қатысты.

Айдар ҚАЛИЕВ

Жиын барысында сөз алған Бейбіт Исабаев халықтың өмір сүру сапасын арттыру бағытында облыста жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтып, жаңа жобаның маңыздылығына тоқталды.

– Қабылданған шаралардың арқасында қысқа мерзім ішінде нақты нәтижелерге қол жеткізілді: халықтың басым бөлігі ауызсумен қамтылды, газдандыру деңгейі артты, инженерлік инфрақұрылым жаңартылды, тұрғын үй құрылысы жанданды. Сонымен қатар, абаттандыру, цифрландыру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жұмыстар атқарылып, жалпы халық үшін қолайлы орта қалыптастырылуда. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады, ал «TURGYNDAR AMANATY» жобасы оны жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді, – деді аймақ басшысы.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

Өз кезегінде сөз алған «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Каримова «TURGYNDAR AMANATY» жобасының міндеттерін кеңінен тарқатты. Оның айтуынша, жоба аясында бірқатар бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, мүлік иелері бірлестіктері мен пәтер иелері кооперативтерінің төрағалары үшін оқыту семинарларын өткізу, әкімдіктермен меморандумдар жасасу, «Таза Қазақстан» акциясы аясында абаттандыру жұмыстарын жүргізу, «Халық қатысатын бюджет» бағдар-

ламасын іске асыру, үздік аулаға арналған конкурстар ұйымдастыру, басқа да шаралар қамтылған.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Болат Керімбек:

– Қаладағы тұрғын үйлердің көбінің қасбеті, кіреберісі, коммуналдық жүйесі, шатыры, ойын алаңдары тозған немесе сапасыз салынған. Ал оны жөндеу жұмыстары жүйелі бір жолға қойылмаған. «AMANAT» партиясына түсетін шағымдардың басым көбі дәл осы тұрғын үй мәселесіне қатысты.

Осыған орай жаңа жоба әзірленді, – деп жобаның ерекшелігі мен тиімділігін баяндады.

Осыдан кейін облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов өңірде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және абаттандыру бағытында кезең-кезеңімен жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты. Жалпы облыста 1715 көпқабатты тұрғын үй бар, оның ішінде 1032-сі кондоминиум нысандарына жатады.

– 2023-2025 жылдары көпқабатты 284 тұрғын үй жаңартылды, оның ішінде күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қасбеттері жаңғыртылды. 2026 жылы тағы 148 үйге жөндеу жүргізу жоспарлануда, бұл оң динамиканы сақтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, соңғы үш жылда 289 аула абаттандырылып, 233 балалар және спорт алаңдары салынды. Биыл тағы 25 ауланы және 17 балалар мен спорт алаңын абаттандыру жоспарланып отыр. Бұл ретте негізгі бағыттардың бірі – азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету. Мәселен, аталған кезеңде өңірде 10 833 отбасының тұрғын үй жағдайы жақсартылды. Биыл тағы 3 мыңнан астам отбасын баспанамен қамту жоспарланып отыр, – деген Ә. Қанағатов қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарға, оның ішінде бейнебақылау камераларын орнату, лифтілерді ауыстыру, газдандыру және апатты үйлер мәселесін шешу шараларына кеңінен тоқталды.

Кездесу соңында қатысушыларға Алғыс хаттар табысталып, партия қатарына қабылдау рәсімі өтті.



Суретті түсірген Қанат МАҚАНҰЛЫ

ЖОЛ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАНДАНУДА

Қазіргі кезде Талдықорған қаласында жол жөндеу жұмыстары қарқын алды.

Айтүл БАЙБОСЫНОВА

Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жетекшісі Ерлан Ниетбаевтың айтуынша, биыл қала көшелерінде кең ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жоспарға сәйкес 70 шақырымнан аса жолға асфальт төселіп, барлығы 118 көше жаңарады. Қазіргі кезде қала орталығындағы Абай, Абылай хан, Ескелді би, Шевченко, Желтоқсан, Ақын Сара, Біржан сал көшелері мен Н. Назарбаев даңғылы бағыттарында орташа жөндеу жұмыстары басталды. Аталған көшелердің жалпы ұзындығы 30,2 шақырымды құрайды. Жөндеу жұмыстарына барлығы 200-ден аса техника тартылған.

Жол жұмыстарын жүргізуге 15-тен аса мердігер ұйым қызмет көрсетуде. Солардың бірі – Н. Назарбаев даңғылы бағыттары бойынша жұмыс жүргізіп жатқан «Ақтоған» мердігер мекемесінің жұмысшылары жол сапасының басты назарда екенін алға тартты. Жөндеу кезінде жол белгілері жаңартылып, сапалы люктер орнатылады. Жол таңбалары термопластик арқылы салынады. Бұл белгілердің көрінуін айтарлықтай жақсартады.

Осы жылы «Жастар-1» тұрғын үй алабындағы 53 көшенің, сондай-ақ, «Құлагер» мен «Бірлік» шағынаудандарындағы 5 көшенің құрылысы жыл соңына дейін аяқталады. Сондай-ақ, Көктал алабындағы 36 көше мен 3-ші бөлімшедегі 20 көшеде жұмыстар аяқталып, ел игілігіне беріледі.

Сонымен бірге Абылай хан – Тынышбаев көшелері қиылысына жаңа бағдаршам орнатылады. Қала бойынша 300 жаңа жол белгісі қойылып, 100-і ауыстырылады, 694 жаңа люк орнатылады. Барлық жөндеу жұмыстарына бюджеттен 10 млрд. теңге қаражат бөлінді. Осылайша жаңартылған жолдар қала инфрақұрылымын жақсартып, көлік кептелістерін азайтуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстар қала көркін арттырып, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға он әсерін тигізеді.

Айта кетейік, облыстың автомобиль жолдары саласын дамыту мақсатында соңғы 4 жыл аралығында бюджеттен 167,7 млрд. теңге қаражат бөлінді. Соның 96,1 млрд. теңгесі облыстық жолдарға, қалғаны елді мекен көшелерін жөндеуге жұмсалды.

Бөлінген қаржы есебінен соңғы 4 жыл ішінде 1 610,6 шақырым жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары жөндеді. Соның 660,4 шақырымы облыстық маңызы бар жолдар және 148 елді мекеннің 950,2 шақырым ішкі жолдары ретке келді.

Талдықорған қаласы

АУДАН ТЫНЫСЫ

Ескелді ауданында тұрғын үй мәселесін кезең-кезеңімен шешу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Соның айқын дәлелі – жуырда бірнеше ауылда әлеуметтік осал топтарға арналған жаңа үйлердің пайдалануға берілуі.

Бұл тек құрылыс нысандарының іске қосылуы ғана емес, ондаған отбасының тағдырын өзгерткен маңызды әлеуметтік қадам. Мәселен, Шымыр ауылындағы Екінші көшеде 10 жаңа тұрғын үй бой көтерді. Құрылысты «Kazstroy building» ЖШС жүзеге асырған. Әр үйдің жалпы алаңы 66,1 шаршы метрді құраса, тұрғын бөлігі 45 шаршы метр. Бір баспаның құны 20 миллион теңгеден асса, барлық үйге жұмсалған қаржы көлемі 200 миллион теңгеден жоғары. Бұдан бөлек, Алдаберген ауылында бір, Қаратал ауылында екі тұрғын үй тапсырылды. Бұл нысандарды «Smart Stroy Group 2050» компаниясы салған. Жаңа үйлердің әрқайсысы заманауи талаптарға сай, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қажетті инфрақұрылыммен қамтылған. Ең бастысы – бұл үйлер нақты мұқтаж жандарға берілді. Яғни, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, толық емес отбасылар және ата-анасының қамқорлығынсыз



БАСПАНАЛЫ БОЛҒАН БАҚЫТТЫ СӘТ

қалған балалар санатындағы азаматтар баспаналы болды.

Мамандардың айтуынша, тұрғын үймен қамтамасыз ету – әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының бірі. Әсіресе, ерекше күтімді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға қолдау көрсету – қоғам алдындағы маңызды міндет. Осы тұрғыдан алғанда, Ескелді ауданында атқарылып жатқан жұмыстар – мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесі. Бұл бастама тек бүгінгі күннің емес, болашақтың да қамы. Себебі, тұрақты

баспанасы бар отбасының әлеуметтік жағдайы жақсарып, балалардың толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік артады. Ал бұл өз кезегінде қоғамның дамуына оң әсер етеді.

Ескелді ауданында тұрғын үй құрылысы алдағы уақытта да жалғасады. Бұл – баспана кезегінде тұрған азаматтардың үмітін ақтайтын игі қадамдардың бірі болмақ.

Еламан АБАЙ,
Ескелді ауданы әкімінің
баспасөз хатшысы

ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ, СӘУЛЕТІ КЕЛІСТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аймақ басшысы әуелі Жастар саябағына табын тіреді. Мұнда автоматты суару жүйесін орнату жұмыстары жүргізілуде. Ол үшін бюджет қазанынан 508 млн. теңге қаралған. Жобаны жүзеге асыруды «Темірқазық-стройпроект» серіктестігі мойнына алған. Мердігер 13 гектар аумаққа 21,5 шақырым суару желісін орнатуы тиіс. Қазірдің өзінде компания 15,7 шақырымын орнатып қойған. Одан өзге саябақ аумағына 200 куб су құйылатын 2 қойма салынады. Қазір жұмысшылар желі тартумен қатар қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруда. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев компания өкілдеріне жүктелген міндетті, яғни, құрылыс жұмыстарын жауапкершілікпен атқаруды тапсырды.

Мұнан соң Бейбіт Өксікбайұлы 500 орынды емхананың құрылысымен танысты. Бұрын әкімшілік нысан ретінде іргесі қаланып, кейін емхана құрылысына бағытталған ғимарат тамыз айында пайдалануға беріледі деп күтілуде. Қазір құрылыс басында 150-ден аса жұмысшы тер төгуде. Мердігер мекеме «AK Construction Company» серіктесті-

гінің өкілдері құрылыспен қатар жуық арада көркейту-көгалдандыру жұмыстары басталатынын алға тартты. Жоба жетекшісі Мейрам Демейовтің сөзіне сенсек, емхана құрылысы 62 пайызға орындалған. Ал медициналық жабдықтарды аулаға келісім жасалған. Аймақ басшысы құрылыс барысына оң баға беріп, жобаны жүзеге асырушыларға сапаға мән беруді міндеттеді.

Талдықорған қаласында баспана салу да қарқынды жүзеге асуда. Мәселен, 8 мөлтек ауданында 5, 7, 9 қабатты тұрғын үйлер салынуда. «ПРОМ-КОМПЛЕКТ-Б» ЖШС бұл аумақта 98 және 72 пәтерлі 2 көпқабатты үй салуда. Құрылыс барысын бағдарлай барған облыс әкімі мердігер компания өкілдеріне ескерту де жасады. Мүмкіндігі шектеулі жандарға толық жағдай жасауды тапсырды. Себебі, үйдің кіреберісі мен бірінші қабатына пандус орнатылғанымен сыртқы есіктің табалдырығы еденнен едәуір биік орналасқан. Құрылыс учаскесінің бригадирі Руслан Әуезеллаев кемшіліктер қалыпқа келтірілетінін жеткізді.

– Қазір мұнда 30 құрылысшы еңбектенуде. Көпқабатты үйдің ішінде тазарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, көркейту, көгалдан-

дыруды қатар атқарудамыз. Облыс әкімі көрсеткен кемшіліктер қалпына келтіріледі, – деді учаске бригадирі.

Бұдан соң аймақ басшысы «Білім-Инновация» лицей-интернатының оқу корпусының құрылысымен танысты. 300 орынды 3 қабатты нысанда «СЕМ-Шоғы Құрылыс Сервис» серіктестігі салуда. Жоба 9 айда, яғни тамыз айында пайдалануға берілуі тиіс. Мердігер компанияның өкілі Жүсіпқали Машарипов межелі уақыттан кешікпейтінін жеткізді. Қазір құрылыс жұмыстары 55 пайызға жеткен.

Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету бағытында Талдықорған іргесіндегі Ынтымақ елді мекенінде ауқымды құрылыс жүргізілуде. Мұнда көпқабатты 5 үй салынуда. «АС Құрылыс» серіктестігі мердігер ретінде танылған. Былтыр қыркүйек айында іргетасы қалана бастаған үйлер осы жылдың қыркүйегінде пайдалануға берілуі тиіс. Сол уақытта 200 пәтер иесіне табысталады. Құрылыс басында 130-ға жуық жұмысшы еңбектенуде. Бейбіт Өксікбайұлы мердігер компания өкілдеріне құрылысшыларды көбейтуді тапсырды. Себебі, серіктестік қарқынды жұмыс жүргізбесе, құрылыс мерзімінен кешігеді. Ал бұл сенімге селкеу түсіреді.

40 КҮНДІК САРБАЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Бізді филиал директоры Мекебек Жамауов қарсы алып, жұмыс барысын түсіндірді. Бұл жерде де темірдей тәртіп. Казарма іші айнадай таза. Курсанттар сабақ оқып жатыр. Кез келген адам әскер қатарына қабылданбайды. Жалпы, әскери-техникалық мектепте білім аламын дейтін азаматтар тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері бөліміне арыз жазуы тиіс. Содан кейін медициналық комиссияның тексеруінен өтеді. Салмағыңыз, бойыңыз, денсаулығыңыз жарамды болса ғана әскери-техникалық мектепке қабылданады.

2001 жылы ашылған мекемеде 30 сарбаз борышын өтеуде. Олар керекті құрал-жабдықтар, қару-жарақ, әскери киіммен толық қамтылған. Бақылау-өткізу пунктінде 15 адам жұмыс істейді. Барлығы әскери қызметте болған тәжірибелі мамандар. Мекебек Жамауовтың айтуынша, 70 орынға лайықталған мекемеде оқу екі бағыт бойынша жүргізіледі. Алғашқысы әскерге жарамды 17-26 жастағы жігіттерді Қарулы Күштер қатарына дайындайды. Яғни сарбаздар 3 ай бойы әскери өмірдің алғышарттарына бейімделіп, жеңіл және ауыр жүк көліктеріне берілетін жүргізуші куәліктерін алып шығады. Құжат алғандар әрі қарай әскерге жіберіледі. Аталмыш білім ордасы дәл осы бағытта былтыр жақсы нәтиже көрсетіп, үздік атаныпты.

Екіншісі уақытсында әскерге бара алмағандарға ақылы түрде әскери борышын өтеуге мүмкіндік бар. Басты талап – әскери борышын өтеушінің жасы 24-ке толуы тиіс. Оларды оқытудың бағдарламасы да өзгеше. Бір жылдық әскери міндетті шаралардың барлығы 40 күнге сыйдырылған. Десе де олар бұдан кейін әскери қызметке бара алады. Мұнда оқып, білім алған сарбаз 45 күн оқып, әскери билет алады. Олар әскерге шақырылмайды. Бірақ, жұмылдыру резервинде есепте тұрады. Жыл бойы 30 адамнан 8 лек оқытылады. Олар атқыш, санитар атқыш, биылдан бастап пулеметчик пен радиотелеграфист маманы атанады. Айта кетейік, әскери мектепке биыл қабылданғандар 390 мың теңге төлесе, келесі жылы ол баға 545 мыңға өседі екен. Тағы бір ерекшелігі, облыс бойынша жылына тұрмысы төмен отбасынан шыққан 50 бала тегін білім алады. Бұл да ата-аналар үшін үлкен көмек. Бұрын әр азамат туған жерінде оқытылса, биыл әркімнің өзі қалаған өңірінде білім алуына болады. Мәселен, Талдықорғанда әскери қызметін атқарып жүргендердің бірі – астаналық Амангелді Молдахметов:

– Биылдан бастап әскери борышымызды қайда өтейінімізді курсант өзі таңдай алады дегенді естігенде қуанып қаддық. Мен әсем табиғатымен көз тартатын, сағ ауасы бар Талдықорған қаласын таңдадым. Мұнда курсанттарға бар жағдай жасалған, – дейді.

Оқу үлгерімі және спорттық жағынан да алдыңғы орында тұрған мекемеде жастардың әскерге қызығуы үшін түрлі шара атқарылууда. – Біз сарбаздардың ата-аналарын, қаладағы оқушылар мен студенттерді әскери өмірмен таныстырып, батырларға арналған музейімізді аралапты, ұдайы әскери-патриоттық сабақ өткіземіз. Ал курсанттарды өңірдегі әскери бөлімшелерге апарып, ашық есік күнін ұйымдастырамыз, – дейді «ҚР ҚМ әскери-техникалық мектебі» РМҚК Талдықорған филиалының бақылау-өткізу пункті директорының орынбасары Андрей Ворков.

Оқу мерзімі аяқталғаннан кейін арнайы комиссияға емтихан тапсырады. Одан кейін әскери ант қабылдайды. Бір айға кетерлігі, қырық күндік әскер мен бір жылдық әскердің бағдарламасы бірдей. Мұнда тек сарбаздар қырық күннің ішінде дайындалып шығады.

бөлімшесінің командирі Ержан Арыновтың айтуынша, дрондардың көмегімен сарбаздар барлау және шабуылдау тәсілдерін меңгеруі тиіс.

– Десантшылар шабуыл жасауға ғана машықтанбайды. Олар барлау жүргізуге де бейімделуі керек. Адам аяғы жетпейтін жерлерді барлауға дрондардың көмегіне жүгінеміз. Қазір бөлімшеде дрондардың 2 түрі қолданыста. Бірі – барлау жұмыстарына негізделсе, екіншісі жау көзін дәлдікпен жоюға арналған. Біз сарбаздарды 4 айда өздігінен ұшатын қондырғыны басқаруға үйретеміз, – дейді бөлімше командирі.

Оның айтуынша, оператор бөлімшесінде десантшылар тек дрон ұшыруды ғана үйренбейді. Бұзылған не сынған аппараттарды жөндеуге де машықтанады. Жалпы, сарбаздар десант болуы үшін заманауи қару-жарақтың барлық түрін меңгеруі тиіс. Былай айтқанда, қасиетті Отанның әрбір пұшпағына көз алартқан жаудың бетін тойтару үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы керек. Мерзімді әскери қызметтегі Бәкір Дулаттың пікірінше, күн сайынғы жауынгерлік дайындық арқылы нағыз десантшы дүниеге келеді.

– Жауынгерлік дайындық – үздіксіз үдеріс. Күн сайынғы тактикалық сабақтар, қару-жарақпен жұмыс істеу жаттығулары, парашютпен секіру, шынайы жауынгерлік жағдайда әрекет етуге бағытталған оқу-жаттығулар десантшыны шыңдай түседі. Әсіресе, дене даярлығына көп көңіл бөлінеді. Себебі, десантшы үшін күш пен төзімділік – міндетті қасиеттер, – дейді сарбаз.

Әдетте десантшыларды Отан қорғаушылардың «элитасы» деп санайды. Өйткені, олар қатаң тәртіп пен үздіксіз жаттығуды ұстаным етеді. Десантшылардың казармасын таныстыру кезінде бригаданың тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі уақытта командирі орынбасарының міндетін бағытта атқарушы Владислав Гасс әскери бөлімге келген күннен бастап Отан қорғаушыдан нағыз десант даярлау жұмыстары жүргізілетінін алға тартты. Былай айтқанда, құрышты шыңдайды.

– Десантшының ең басты ерекшелігі – ишанштық пен икемділік. Кез келген жағдайда, ауа райының қандай болуына қарамастан, қысқа уақыт ішінде әрекет етуге дайын болуымыз керек. Сондай-ақ, физикалық әрі моральдық тұрғыда өте жоғары дайындық талап етіледі. Әр сарбаз өз ісіне жауапты болып, бойымыздағы өжет мінез тасып тұруы керек. Бөлімге келген сәттен сарбаздың әрбір сәтін, әрбір секундтың құр өткізбейміз. Төсек-орнын жинау, әскери киім кию әдебін үйретеміз, – дейді ол.

Қатардағы десантшы Мансұр Мұртазалиев, десантшы болу үлкен абырой екенін жеткізді.

– Шынайы десантшы болу үшін жігер, төзім мен ерік басты қасиет. Ешқашан берілмеу керек. Десантшылар бейбіт және соғыс жағдайында қауіп төнген бағыттар мен аудандарға ішуге жетуге және кенеттен туындаған тапсырмаларды орындауға әрдайым дайын тұруы тиіс. Менің мақсатым – Отанымды қорғау, тыныштығын күзету, – деді жас сарбаз.

Десантшы – ерік пен жігерді, ерге тән мінезді, тәуекелге бара алатын батыл қасиеттерді бойына шоғырландыра білген күш иесі. Ал, осындай азаматтар тұрғанда ел тыныш, аспан ашық бола бермек.

ҰЛТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚАЛҚАНЫ

«Бізден басқа ешкім емес!» Бұл – десантшылардың ұраны. Бір қарағанда менмендік пен өзімшілікке толы сөздей көрінеді. Бірақ, түпкі мәні тіптен бөлек. Әскери қақтығыстар кезінде десантшыларға қашанда жауапты әрі ауыр міндеттер жүктелген. Жаудың шебін бұзу, парашютпен шайқастың қақ ортасына кіру, тұтқынға түскендерді құтқару, соңғы демің қалғанша қорғанысты ұстау сияқты жанқиярлық шаралар дәл осы аэромобильді әскерге тапсырылады. Олар «шегіну» деген сөзді білмейді. Былайғы тілде, «Элиталық әскердің» ұраны бұл. Отан қорғаушылар күніне орай Талдықорған іргесіндегі 18404 әскери бөліміндегі гвардиялық десанттық-шабуылдаушылар бригадасының жай-күйін біліп қайттық.

Дастанбек САДЫҚ

Десантшылар даярлығының негізгі бөлігі физикалық жаттығуларға арналғанын алға тартты тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі бригада командирі орынбасарының міндетін уақытша атқарушы Владислав Гасс. Айтуынша, ұзақ маршрут, ауыр жабдықпен жүгіру, кедергілер жолағынан өту – күнделікті машық. Бұл десантшылардың төзімділігін шыңдап қана қоймай, кез келген жағдайда кедергілерді өңсеріп, тапсырманы орындауға бейімдейді.

– Бригадада 2 шақырылым бойынша 900-ге жуық мерзімді әскери қызметін өтеп жатқан сарбаз бар. Десант болу оңай емес. Жаңадан келетін сарбаздарға нақты талаптар қойылады. Соның барлығын орындай білу керек. Қазір сарбаздар әуе-десанттық жаттығу кешенінде даярлық үстінде, – деді капитан В. Гасс.

Парашютпен секіру десантшылар үшін ең маңызды кадам. Әуе-десанттық дайындық жөніндегі нұсқаушы Серік Сайыпназаров берілген межеге сай сарбаздардың даярлығын қалыптастыру қажет екенін алға тартады. Айтуынша, десантшы 45 секундта парашют жабдығын тағынып, секіруге даяр болуы тиіс. Түркістан өңірінің тумасы Ұлан Еркінбек нұсқаушы тапсырмасына

сай жоғары нәтижеге қол жеткізуге барын салады. Оның ойынша, десантшының әрбірі Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс күймейсің» деген сөзін ұран етуі тиіс. Сонда ғана нағыз десантшы атанбақ.

№37 бригаданың сарбаздары үнемі қоян-қолтық ұрыс қимылдарын да пысықтайды. Себебі, олар үшін физикалық мығымдық аса қажет. Былтыр күздегі шақырылыммен десантшылар қатарына қосылған Сәтбаев қаласының тумасы Еркебұлан Оразбаев бригаданың «Кез келген биіктіктен – кез келген отқа» ұранын миының мың қатпарына тоқып алған. Айтуына қарағанда, десантшы «асық ішіндегі сақа» болуы тиіс.

– Біз үшін физикалық, психологиялық даярлық бірінші орында. Бүгінде өзге сарбаздармен қоян-қолтық ұрыстың әдістерін меңгерудеміз. Десантшыға қойылар талап – тәртіп. Қазақтың хас батыры Бауыржан бабамыз «Тәртіпке бас иген құл болмайды» дегенді айтқан. Әрбір десантшы әрбір сәтке сақадай сай болуы тиіс әрі жеке-жеке өнерінің шебері болуы керек, – дейді десантшы.

Талдықорғандық десантшылардың басым жаңалығы – әскери жаттығу барысында дрондарды қолдану. Адамның ақыл-ойының жемісін пайдаланып жатқанына түп-тура 2,5 жыл. Бригаданың оператор

ЕЛ ҚОРҒАҒАН ЕГІЗДЕР

ӘСКЕР – ата-анасының жанында қиындық көрмеген кез келген бозбаланы шарағатады, шыңдайды, өз бетінше өмір сүруге тәрбиелейді. Темірдей тәртіпке бағынған, тағдырлары бір арнаға тоғысқан егіз сарбаз Омар, Оспан АЙДАРУЛДАРЫ бүгінде 54380 әскери бөлімінде Отан алдындағы қасиетті борыштарын бірге өтеп жүр. Асқар таудай әкеден тәлім алып, ақ жаулықты ананың мейіріміне қанған бір үйдің үкілеген үміттері өмірдің әрбір белесін бірге өңсеріп келеді.

Еңлік КЕНЕБАЙ

ЖЕТІСУЛЫҚ егіздер шыр етіп өмірге келген сәттен бастап әрдайым бір-біріне сүйеніш, тірек болды. Уақыт өте келе бұл бауырластық тек қанмен ғана емес, рухпен, намыспен, Отанға деген махаббатпен беки түсті. Бүгінде олар ел тыныштығының күзетінде бір сапта, әскери өмірдің темірдей тәртібіне бағынып, Отанға қызмет етіп жүр. Бауырлар әскер қатарында алғашқы жауынгерлік дайындықтан өтіп, әскери жарғыны меңгеріп, саптық тәртіпке дағдыланып та үлгерген.

Әскер – әр азаматтың жігерін шыңдайтын, сабырын сынайтын, нағыз ер-азаматқа тән қасиеттерді қалыптастыратын мықты мектеп. Омар мен Оспан үшін әскери өмір – тәртіп пен талап қана емес, Отан алдындағы перзенттік парызы адал атқарудың биік үлгісі.

– 2025 жылдың 2-шақырылымындағы 28 сарбаздың ішінен үздіктер деп Омар мен Оспанды ерекше айта ала-



мыз. Өткен жылы қараша айында келген бауырлар әскери қызметте өздерін жақсы жағымнан көрсетіп келеді. Әскери тәртіп, мемлекеттік құқықтық дайындық сабақтары, жауынгерлік даярлық жағынан өзгелерге үлгі-өнеге болуда. Отбасында ерекше тәрбие көрген, жауапкершілікті сезіне білетін сарбаздардың әскери өмірге бейімделулері де өте жақсы өтті. Бүгінгі таңда Мемлекет тарапынан жергілікті мекенде әскери борышын өтеуге біршама жеңілдік қарастырылды. Нәтижесінде қос бауыр да кіндік қаны тамған жерде қызмет етуде. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарына тегін оқуға түсуге жолдама алуына да мүмкіндік бар. Ең бастысы Бауыржан Момышұлы атамыз

айтқандай, «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген бірдауыз сөзге бағынып, Заң мен Тәртіпті сезінсе болғаны. Барлығы сарбаздың өз қолында, – дейді тәрбие және идеология жұмыстары жөніндегі бөлімнің аға офицері Серасыл Мұратхан. ТАҢҒЫ сапқа тізілген сәттен бастап кешкі тынығуға дейінгі уақыт – жауапкершілік пен табандылық сыналар кезең. Әрбір бұйрықты

25

Бүгінгі күннің қос батыры саналған жас сарбаздардың өмір жолы – жастарға өнеге. Олар ел алдындағы борышты абыроймен атқарудың, достық пен бауырмалдықтың, төзім мен табандылықтың жарқын үлгісін көрсетуде. Омар, Оспан Айдарұлы сынды рухты, жігерлі азаматтар барда заман тыныш, ел іргесі берік болары сөзсіз.

ЗЕРДЕ

Шын мәнінде мың өліп, мың тірілген халқымыздың басынан небір зұлматтың өткені белгілі. Сондай қанды қырғынның бірі – өткен ғасырдың отызыншы жылдары болған ашаршылық алапаты. Бір айға немесе бір жылға ғана емес, бірнеше жылға созылып, халқымыздың жартысынан астамын (кейбір деректерде үштен екісін) жалмаған бұл нәубеттің зардабы көп ретте атышулы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» да асып кеткені анық. Тек бұл жолғы жау сырттан келген ата дұшпан емес, іштен шыққан алашуар жылан – қанқұйлы қызыл империяның сұмдық саясаты болатын.



ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ АЛАПАТЫ

Қолдағы малы мен құрал-сайман атаулының бәрін ортақ меншікке – мойынсерікке өткізген шаруалардың жағдайы күрт ауырлап кетті. Бұған ауа райының қолайсыздығы қосылып, бірнеше жыл қатарынан егін шықпай қалды. Нақ осы кезде кейіннен Ашаршылық алапаты атанған сұмдық жағдай орын алды.

Талдықорған қаласындағы іргелі оқу орны – Мағжан Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясында өткен «Әзекті өртеген шындық» атты танымдық шара барысында тарихымыздағы осы бір ауыр кезең қаз қалпында көз алдымыздан өткендей болды. «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған бұл шараның белортасынан сол бағдарлама бойынша жемісті жұмыстар атқарып жүрген ардагерлер де табылды.

Мектеп-гимназияның ауласында сол бір кезеңнің сұмдық көріністері ашылды. Арып-ашып өбден жүдеген адамдар әлдебір ұміт жетектеп, ілбін басып келеді. Әл-дәрмені біткендері сүрініп құлап та жатыр. Бөбегімді қайтсем аман алып қаламын деп жанұшырған ана, шырылдаған бала... Айналада шашылып жатқан адам сүйектері, құлаған жерлерінде қимылсыз қалып бара жатқан жас пен көрі...

Мектептің кіреберісінде де сол орайдағы көріністер: бидай сабанының арасынан талғажау боларлық дән іздеп далбасалаған адамдар... Аштықтан көзі қарауытып кеткендіктен туған ұлын да құрбандыққа шалып жіберген бейбақ әке... Театрландырылған көріністі қоюшылар назарынан ел тағдырына жанды күйзеліп, Сталинге хат жолдаған бес арыс пен Нәзір Төреқұлов, Тұрар Рысқұлов тәрізді қайраткерлер де қағыс қалмапты. Халқының қайғы-қасіретінен қарақан басының қамын биік қойып, ОГПУ (БМСБ) жендеттеріне әрбір сыбыр-күбірге дейін жеткізіп отырған жандайшаптар да ара-тұра көрініс береді.

Мұндай жан толқытар көріністерді мектептегі «Мағжан ізбасарлары» театрының жас әртістері көз алдыға келтірді. Келесі кезекте көпшілік ашаршылық пен 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін құрбандарын 1 минут үнсіздікпен еске алды. Тарихи-танымдық шараға «Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты жас ұландар шеруімен нүкте қойылды.

Құрметті қонақ ретінде қатысқан ардагерлер мектептегі Тәуелсіздік залы мен Дарындылар аллеясын, басқа да тәрбиелік маңызы зор орындарды аралап, оқу орны жетістіктерімен танысып шықты. Мектеп директоры Қарлығаш Замзина жаңағыдай жетістіктермен қатар осы күнгі тәлімі мол шара жайында да жан-жақты айтып өтті.

Облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт пен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақшабай Керімбеков мектептің ұстаздар қауымына әсерлі шара ұйымдастырғандары үшін алғыс айтып, жұмыстарына жеміс тіледі.

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ,
«Жетісудың» ардагер журналисі


ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР

ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ТАНЫМ ТАРТЫСЫ

Бүгінгі қоғамда тіл үйрену бұрынғыдай тек оқулық пен аудитория аясында шектелмейді. Цифрлық кеңістік, соның ішінде жасанды интеллект білім беру жүйесіне түбегейлі өзгеріс әкелді. Әсіресе жастар арасында тіл меңгерудің жаңа тәсілдері қалыптасып келеді. Бірақ осы үдерісте біз нені ұтып, нені жоғалтып барамыз?

Duolingo сынды қосымшалар күнделікті қысқа тапсырмалар арқылы тіл үйренуді әдетке айналдыруға мүмкіндік береді. Ал түрлі онлайн платформалар мен интеллектуалды жүйелер мәтінді талдап, қателерді түзетіп, күрделі тақырыптарды қарапайым тілмен түсіндіре алады. Бұл – білім алудың жаңа мәдениеті қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Алайда мәселенің екінші жағы да алаңдатпай қоймайды. Дайын жауапқа үйренген ұрпақ ертең өз ойын жүйелі жеткізе ала ма? Жасанды интеллектке иек артқан сайын адамның өз бетінше ойлау, талдау қабілеті әлсіреуі мүмкін.



Тіл – тек сөз жаттау ғана емес, ойдың айнасы. Егер ойлау үдерісі әлсіресе, тіл де тереңдігін жоғалтады. Ал бүгінгі мектеп оқушыларының өзі жасанды интеллектті белсенді пайдаланып отыр. Бұл – заман талабы. Бірақ бақылаусыз қолдану білім сапасына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан мәселені технологиядан емес, оны пайдалану мәдениетінен іздеу қажет. Мұғалім мен оқытушының ролі де өзгеруде: енді олар тек білім беруші емес, бағыт-бағдар көрсетуші, саналы қолдануға үйретуші болуы тиіс.

Сарапшылардың пікірінше, жасанды интеллект – білім берудегі революциялық құрал. Бірақ ол адамды толық алмастыра алмайды. Себебі тіл үйрену барысында эмоция, мәдениет, контекст секілді тірі факторлар маңызды рөл атқарады.

Жасанды интеллект мүмкіндік дегенімізбен, жауапкершілікті қатар талап етеді. Егер біз технологияны құрал ретінде пайдаланып, оны саналы түрде игерсек, тіл үйрену сапасы жаңа деңгейге көтеріледі. Ал керісінше, оған толық тәуелді болсақ, таным таязданып, тілдің шынайы мәні көмескіленуі мүмкін. Ендеше, таңдау – өз қолымызда.

Айша ӘСКЕРБЕК,
ЖУ-дің филология мамандығының білімгері

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліні, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28. Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.


Газет келмеген жағдайда осы нөмірлерге хабарласушылар — 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Кезекші редактор: Айгүл БАЙБОСЫНОВА



ЖҮРЕК СӨЗІ

Қазақ журналистикасында өзіндік қолтаңбасын қалдырған қаламгер, менің атам Мейрамбек Мылтықбайұлы Төлепберген тірі болса 13 мамырда 69 жасқа толар еді. Ол өткір ойлы, зерттеуге негізделген мақалаларымен ел жадында қалып, ғұмырының соңына дейін халыққа қызмет етуді өзіне парыз санаған тұлға.



денгейін шындай түсті. 2010 жылы туған жері Жамбыл облысы әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалып, ел басқару ісіне араласты. Бұдан кейін «Jambyl» телеарнасын басқарып, Қазақстан кәсіподақтары федерациясының облыстық филиалында төрағалық етті. 2021 жылы Мәжіліс депутаты болып сайланып, халық сенімін арқалады.

Атам қай қызметте жүрсе де, қасиетті қаламын қолынан тастаған жоқ. Көзі тірісінде оннан астам кітап шығарып, шығармашылыққа ерекше көңіл бөлді. Мені де ұмытпай, үнемі ақыл-кеңесін айтып отырды. Аптасына бірнеше рет хабарласып, журналистиканың қыр-сырын түсіндіретін. Телеарнада жұмыс істеген кезімде эфирде өзімді ұстау, сюжет жазу барысында нені ескеру керектігі туралы бәзгіт берсе, кейін баспасөз қызметінде жүргенімде адамдармен қарым-қатынас жасау, үлкен ортада өзін ұстай білу сияқты өмірлік маңызды дүниелерді үйретті.

Атамның өмір жолы мен үшін биік шың, асқар тау іспетті. Оның ел алдындағы еңбегі ұмытылмай, кейінгі ұрпаққа жетуі тиіс деп есептеймін. Ендігі міндет – сол мұраны сақтау, оны халыққа насихаттау. Бұл жолда атамның жары Сәуле апам, қыздары Әйгерім мен Айғаным және біз ұрпақтары бірігіп еңбек етуіміз керек. Алдағы жылы атамның 70 жылдық мерейтойы келеді. Осы айтулы дата қарсаңында көптеген ілі шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз.

Бұл – менің газет бетіне жариялап отырған алғашқы мақалам. Журналист болсам да, кәсіби жолымды газеттен бастамадым. Бірақ алғашқы мақаламның дәл атам туралы, өткен шақтағы естелік ретінде жазылғанын жүрекке салмақ салмай қоймайды. Соған қарамастан мен мұны жақсылықтың нышанына балағым келеді. Өйткені адам өмірден өткеннен, оңал сөзі, оның қалдырған ізі ешқашан жоғалмайды. Сол аманатқа адал болу – менің ендігі өмірлік парымым.

Азат СЕРИК,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жеке компания «Kaznah Mineral Co., Ltd.» Қазақстан Республикасы Жетісу облысының Панфилов ауданында орналасқан «Сеным» алтын кен орынын игеру үшін тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әкімшілік бөлініс бойынша учаскенің ауданы Қазақстан Республикасы Жетісу облысының Панфилов ауданына кіреді, 44-135-А, Б, В планшеттерінің шегінде орналасқан, учаскеге ең жақын елді мекен солтүстік-шығысқа қарай 17 км. қашықтықта орналасқан Қонырөлкен ауылы болып табылады.

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 44° 9' 4,69" с.ш., 79° 8' 15,34" в.д.; 2. 44° 9' 51,29" с.ш., 79° 9' 29,68" в.д.; 3. 44° 9' 33,7" с.ш., 79° 9' 39,11" в.д.; 4. 44° 8' 11,58" с.ш., 79° 9' 57,11" в.д.; 5. 44° 7' 56,97" с.ш., 79° 9' 33,98" в.д.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты – 12.06.2026 ж., 15.00, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Қонырөлкен а.о., Қонырөлкен а., ауылдық клуб.

Бейнеконференция сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/86351904314?pwd=nUqLgpbKhcjsFM0kmjy29VYVc68S45.1>

Конференция идентификаторы: 863 5190 4314

Кіру коды: 035038

Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz.

Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган – Жетісу облысы бойынша экология департаменті, 040000, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Абай көшесі, дж. 297, телефон: +7-728-224-68-22, сайт: https://egov.kz/cms/ru/articles/ecology/dep_eco.

Тапсырыс беруші бастамашы: «Kaznah Mineral Co. Ltd.» жеке компаниясы., 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Гейдар Әлиев көшесі, 3-үй, н.п. 2 в, 406-кабинет, БСН 250740900304.

Әзірлеуші: «ЭкоОптимум» ЖШС, Астана қ., Момышұлы даңғылы 12, «Меруерт Тау» БО, оф.302, БСН 090140012657.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Жетісу облысы, 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, №26., email: priroda@zhetisu.gov.kz, телефон: 8 (7282) 32-92-67.

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тасілдермен таратылатын болады: «Жаркент өңірі» газеті басылымында, Жетісу телеарнасының эфирінде, сондай-ақ ауылдық клубтың хабарландыру тақтасында жарияланатын болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Частная компания «Kaznah Mineral Co., Ltd.» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «Отчету о возможных воздействиях к «Плану горных работ для разработки золоторудного месторождения «Сеным» расположенного в Панфиловском районе Жетісуйской области Республики Казахстан».

По административному делению площадь участка входит в Панфиловский район Жетісуйской области Республики Казахстан, располагаясь в пределах планшетов 44-135-А, Б, В. Ближайшим населенным пунктом к участку, является с. Қонырөлкен, находящийся на расстоянии 17 км. на северо-восток.

Географические координаты участка: 1. 44° 9' 4,69" с.ш., 79° 8' 15,34" в.д.; 2. 44° 9' 51,29" с.ш., 79° 9' 29,68" в.д.; 3. 44° 9' 33,7" с.ш., 79° 9' 39,11" в.д.; 4. 44° 8' 11,58" с.ш., 79° 9' 57,11" в.д.; 5. 44° 7' 56,97" с.ш., 79° 9' 33,98" в.д.

Место, дата и время проведения общественных слушаний – 12.06.2026 г., 15.00, область Жетісу, Панфиловский район, Қонырөлкенский с.о., с. Қонырөлкен, сельский клуб.

Подключитесь к конференции Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/86351904314?pwd=nUqLgpbKhcjsFM0kmjy29VYVc68S45.1>

Идентификатор конференции: 863 5190 4314

Код доступа: 035038

Ознакомиться с материалами, вынесенными на общественные слушания можно на сайте ndbecology.gov.kz.

Гос. орган по проведению экспертизы – департамент экологии по области Жетісу, 040000, область Жетісу, город Талдықорған, ул. Абая, д. 297, телефон: +7-728-224-68-22, сайт: https://egov.kz/cms/ru/articles/ecology/dep_eco.

Заказчик инициатор: Частная компания «Kaznah Mineral Co., Ltd.», 010000, город Астана, район Есіл, ул. Гейдар Әлиев, д. 3, н.п. 2 в, кабинет 406, БИН 250740900304.

Разработчик: ТОО «ЭкоОптимум», г. Астана, пр. Момышұлы 12, БЦ «Меруерт Тау», оф. 302, БИН 090140012657.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу, область Жетісу, 040000, город Талдықорған, улица Қабанбай Батыра, №26., email: priroda@zhetisu.gov.kz, телефон: 8 (7282) 32-92-67.

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языке будет распространено следующими способами: в издании газеты «Жаркент өңірі», в эфире телеканала Жетісу, также объявлено будет размещено на доске объявлений сельского клуба.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 456
«Жетісу Медиа» МКК басылдырының жалпы таралымы – 6 625, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы – 4 652. Индексі – 65469.